



Орталық Азия мен Корея: экологиялық мәселелер парламенттік деңгейде талқыланды

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы Ташкент қаласында Орталық Азия мемлекеттері және Корея Республикасының парламенттері спикерлерінің үшінші кездесуіне қатысты. 2023 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келе жатқан іс-шара парламентаралық диалог пен Орталық Азия елдері арасындағы өзара іс-әрекетті нығайтудың тиімді алаңына айналып отыр.

«Адами қадір-қасиет, әлеуметтік әділдік пен қоршаған ортаны қорғау жолындағы ынтымақтастық» тақырыбында өткен пленарлық сессияда сөз сөйлеген Мәжіліс төрағасы ұсынылған күн тәртібінің өзектілігін атап өтті.

«Бүгінгі кездесудің тақырыбы—Қазақстан үшін өте жақын әрі маңызды. Адами қадір-қасиет, әлеуметтік әділдік пен қоршаған ортаны қорғау елімізде іске асып жатқан реформалармен толық үндесіп, біте-қайнасып жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әр бастамасының негізінде осы мызғымас принциптер тұр. Әділеттілік идеясы-ұлттық идеологиямызға айналды. Өз кезегінде, бұл қағидалар

—аймағымыздағы, тіпті әлемдегі тұрақты даму мен қауіпсіздіктің кепілі. Сондықтан бұл кездесу «Орталық Азия–Корея Республикасы» форумының күн тәртібін жаңа маңызды бағыттарымен кеңейте түсті», деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс спикерінің пікірінше, адамның қадір-қасиетіне құрметпен қарау—Ұлы Жібек жолы бойындағы халықтарымызға ежелден тән қасиет. Орталық Азия өзге халықтардың мәдениетіне, дініне және дәстүріне гуманизммен қарап, ашықтықтың үлгісін көрсетіп келеді. Тарихтағы ең тауқыметті кезеңдерде бұл жерге тұтас этностар жер аударылды. Соның ішінде шамамен 80 жыл бұрын корей халқы пана тапты.

Мәжіліс төрағасы өз баяндамасында цифрландыру мен жасанды интеллект мәселелеріне де ерекше көңіл бөлді. Ол форумға қатысушыларға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанды үш жыл ішінде цифрлық мемлекетке айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсаты туралы айтып, соған жетуге бағытталған ауқымды бағдарлама туралы мәлімет берді.

Энергетика саласындағы жүйелі трансформация

«Astana Hub» алаңында Энергетика министрі Ерлан Ақкенженовтің бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кеңейтілген кездесуі өтті. Ведомство басшысы отын-энергетика кешенінің есепті жылдағы қорытындыларын ұсынып, бұл кезеңді дағдарысқа қарсы басқаруды аяқтап, ауқымды стратегиялық міндеттерді іске асыруға көшу уақыты ретінде сипаттады. Үкімет брифингі жаңа «Town hall» форматында ұйымдастырылғанын атап өткен жөн. Алғашқысын Энергетика министрлігі бастады.

Кездесуді аша отырып, Ерлан Ақкенженов Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау саланың дамуына деген көзқарастың түбегейлі өзгеруін талап еткенін атап өтті. «2025 жылдың қорытындысын шығара

тарды іске қосудан бастап әрбір пәтерді тұрақты жылумен қамтамасыз етуге дейін. Басты мақсат-елдің экономикалық егемендігінің іргетасы саналатын энергетикалық қауіпсіздікті нығайту», деді министр өз сөзінде.

Мұнай-газ саласындағы басты оқиға-Теңіз кен орнындағы Болашақ кеңейту жобасының толық аяқталуы болды. Үшінші буын зауытының іске қосылуы жыл сайын 12 млн тонна көлемінде қосымша мұнай өндіруге мүмкіндік беріп, ұлттық экономика үшін ұзақмерзімді әрі қуатты экспорттық кіріс көзін қалыптастырады.

Баяндамасында ведомство басшысы өңдеу саласы мен жанар-жағармай нарығына ерекше назар аударды. Оның айтуынша, бағаны қолмен реттеуден бас тар-

ларды атап өтті, олар үш қағидаға негізделген: қуат, сапа және ғылым.

«Біз мұнай өңдеу көлемін қазіргі 18 млн тоннадан жылына 39 млн тоннаға дейін жеткізуді мақсат етіп қойдық. Ол үшін қолданыстағы үш мұнай өңдеу зауытын кеңейту көзделген», деді Е.Ақкенженов.

2025 жылы CaspiBitum зауытын жаңғырту аяқталып, оның қуаты 1,5 есеге артты, ал битум өндірісі 750 мың тоннаға жетті. Сонымен қатар Шымкент, Атырау және Павлодар зауыттарын кеңейту жұмыстары жалғасуда, сондай-ақ қуаты 10 млн тонна болатын төртінші МӨЗ салу үшін инвесторлар тарту мәселесі пысықталып жатыр.

Сондай-ақ ол елдің энергожүйесі рекордтық 118 млрд кВтсағат электр энер-



отырып, біз бұл жылды саланың жүйелі трансформация кезеңі деп сеніммен айта аламыз. Өтіп бара жатқан жыл сапалы құрылымдық өзгерістермен ерекшеленді: индустриялық алып-

тып, нарықтық тетіктерге көшу саланы сауықтырып, отын тапшылығының алдын алуға мүмкіндік берді. Болашаққа тоқтала келе, Министр 2040 жылға дейінгі бекітілген өндірістік бағдар-

гиясын өндіргенін, Топар мен Текелі нысандарында жаңа қуаттардың іске қосылғанын атап өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

17.12.2025 ж №35

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз алтыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз алтыншы сессиясы 2025 жылғы 26 желтоқсан, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23

қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз алтыншы сессиясы 2025 жылғы 26 желтоқсан, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекенжайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 26 желтоқсан, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 26 желтоқсан, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

2026-2028 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы.

Сессия қарауына келіп тұсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы О.Жәмиев

Баспасөз- 2026

Баспасөзге жазылыңыздар!

Құрметті басылымға жазылушылар! Ауданымыздың төл басылымы «Созақ үні» газетіне 2026 жылдың I-ші жарты жылдығына жазылу мерзімі басталды. «Созақ үні» газетіне жазылу үшін:

«Ернұр-пресс» мекемесі арқылы-алты айға 3612 теңге.

«Қазпошта» мекемесі арқылы алты айға-жеке азаматтар үшін-3972 теңге 36 тиын, мекемелер үшін-5172 теңге 36 тиын.

Редакцияға келіп тікелей жазылушылар үшін, алты айға-3000 теңге.

«Созақ үні» газеті редакциясы.

Жабық үлгідегі кіші футбол алаңы пайдалануға берілді



Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Жар-тытөбе ауылында жабық үлгідегі кіші футбол алаңы пайдалануға берілді.

Салтанатты ашылу рәсіміне аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков қатысып, ауыл тұрғындары мен жастарды жаңа спорт нысанының іске қосылуымен және Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтады.

Бұқаралық спортты дамыту мен жастарға қолайлы жағдай жасау – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Бүгін еліміз үшін аса қастерлі мерекенің бірі–Тәуелсіздік күні қарсаңында жаңа спорт нысанын ашып отырмыз. Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, спортпен жүйелі айналысуына барлық мүмкіндік жасалуда. Аядай ауылдардан талай чемпиондар

шығып, еліміздің атын әлемдік арена-ларда асқақтатып жүр. Спортқа қолжетімділік арта түссе, ауданымыздан әлі де талай биіктерді бағындыратын спортшылар шығатынына сенім мол. Бүгін ашылған алаң ауыл жастарының үлкен жетістіктерге жетуіне жол аш-ды, – деді аудан басшысы Мұхит Сексен-байұлы.

Сондай-ақ, шара барысында аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов құттықтау сөз сөйлеп, жаңа спорт нысанының ауыл жастары үшін маңыздылығын атап өтті.

Ауыл ардагері, ауданның Құрметті азаматы Мадияр Бейсенбеков жаңа алаңның жас ұрпақ тәрбиесіндегі рөліне тоқталып, игі іске сәттілік тіледі.

Шараға арнайы қатысқан Жартытөбе ауы-лынан шыққан спорт саңлақтары, бокстан әлем чемпионы Біржан Жақып пен белгілі футболшы, Қазақстанның үш дүркін чемпионы Таңат Нәсербаев ауыл жастарына жа-салған жағдайға жоғары баға берді.

Сонымен қатар, ауыл тумасы, кәсіпкер Дәулет Дүйсебай ауыл жастарына футбол доптары мен жаттығуға қажетті спорттық жабдықтарды сыйға тартты.

Жаңа спорт алаңы барлық қажетті стан-дарттарға сай жабдықталған. Мұнда жасан-ды төсеніш төселген футбол алаңы, жа-рықтандыру жүйесі, қауіпсіздік қоршаулары, ойыншыларға арналған жылы киім ауысты-ратын бөлмелер қарастырылған. Нысан ау-мағы толық асфальтталып, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Жабық үлгідегі кіші футбол алаңы ауыл тұрғындарының, әсіресе жастардың спорт-пен тұрақты айналысуына және салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік бе-реді.



Тәуелсіздік - ел бақыты

Аудандық “Жастар ресур-стық орталығы” КММ-нің ұй-ымдастыруымен Жуантөбе ауылдық округінде Тәуелсіз-дік күніне орай дөңгелек үс-тел өтті.

Іс-шараның мақсаты жас-тардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, Тәуел-сіз Қазақстанның тарихы мен жетістіктерін насихаттау, ұлт-тық құндылықтарға құрметті арттыру және ел болашағына жауапкершілікпен қарау және тәрбиелеу болып табылады.

Іс-шара барысында Тәуел-сіздіктің тарихи маңызы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, еліміздің егемендік жылдар-ындағы жетістіктері туралы

кеңінен айтылды. Жастар өз ой-пікірлерімен бөлісіп, ұлт-тық рух, мемлекеттік рәміз-дерге құрмет, ана тілді дәріп-теу және жастардың ел даму-ындағы рөлі жөнінде пікір ал-масты.

«Тәуелсіздік–ел бақыты» атты дөңгелек үстел маз-мұнды әрі жоғары деңгейде өтті. Жастардың тарихи та-нымы артып, ел келешегіне деген сенімі мен жауап-кершілік сезімі нығая түсті.

Ел болашағы–білімді де отансүйгіш жастардың қолын-да екені тағы бір мәрте дә-лелденді.

Тәуелсіздігіміз мәңгі жасап, бірлігіміз бекем болғай!

Патриоттық жыр сағаты өтті



Қызылжар кенті модельді кітапханасы мен Мәдениет үйі бірігіп, Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-аза-маттығым мәңгілік» атты па-триоттық жыр сағатын өт-кізді.

Шара мемлекеттік Әнұран-мен басталып, қатысушы-ларға мерекелік көңіл күй сыйлады. Іс-шараға Л.Бөке-нов атындағы мектептің оқушылары қатысты.

Шара барысында Тәуел-сіздіктің маңызы туралы қысқаша баяндама жаса-лып, кітапханашы А.Омар-бекова еліміздің егемендік

алғаннан кейінгі дамуы мен маңызды оқиғалар туралы түсінікті түрде айтып өтті.

Оқушылар Тәуелсіздік ту-ралы қазақ ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқып, патриоттық тақырыптағы жырларымен шараның маз-мұнын толықтырды. Соны-мен қатар қатысушыларға Қазақстанның тарихы мен жетістіктері баяндалған сл-айд ұсынылды.

Іс-шара соңында «Тәуел-сіздік тәжінің жаңғыты» атты кітап көрмесі таныстырыл-ды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Заманауи спорт кешені ашылды



Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Созақ ауылында бұқаралық спортты да-мытуға бағытталған замана-уи үлгідегі «Созақ спорт ке-шенінің» салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Ауыл тұрғындары үшін үлкен қуанышқа айналған игі шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Түркістан облы-сының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ғалымжан Худия-ров, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев және ауыл ақсақалдары мен тұрғындар қатысты.

Салтанатты шарада аудан басшысы Мұхит Сексенбай-ұлы сөз сөйлеп, ауыл жұрт-шылығын жаңа спорт ныса-нының ашылуымен және ел үшін қастерлі Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықта-ды.

– Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту

жөніндегі тапсырмасына сәйкес ауданда спорт ин-фрақұрылымын жаңғырту жұмыстары қарқын алуда. Жаңа нысан ауыл жастары-ның спортпен тұрақты айна-лысуына, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және болашақ чемпиондар-ды тәрбиелеуге үлкен мүм-кіндік береді, – деген аудан басшысы спорт сарасы бой-ынша атқарылып жатқан жұмыстарды да тілге тиек етті.

Сонымен қатар, Түркістан облысының дене шынықты-ру және спорт басқармасы-ның басшысы Ғалымжан Худияров құттықтау сөз сөйлеп, жаңа спорт кешені-нен еліміздің көк Туын әлем-дік арена-ларда абыроймен желбірететін дарынды сп-ортшылар өсіп шығарына сенім білдірді.

Шара барысында аудан-дық мәслихат төрағасы Ор-

дабек Жәмиев пен аудан-дық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспен-бетов ауыл тұрғындарын құттықтап, жаңа спорт ны-саны ел игілігіне ұзақ жыл-дар қызмет ететініне тілек-тестік білдірді.

Ауыл қариясы, ауданның Құрметті азаматы Биімбет Байғараев сөз сөйлеп, өске-лең ұрпақтың болашағы үш-ін маңызды нысанның бой көтеруіне атсалысқан аза-маттарға ризашылығын жет-кізді.

Салтанатты рәсімнен кейін қатысушылар жаңа спорт кешенін аралап, ішкі құры-лымы мен көрсетілетін қыз-мет түрлерімен танысты.

Айта кетейік, спорт ке-шенінің жалпы жер аумағы 1,5 гектарды құрайды. Фи-мараттың жалпы көлемі-1356 шаршы метр. Екі қа-батты нысанда футбол, во-лейбол және баскетбол ал-андары, бокс, күрес және жаттығу залдары орналас-қан. Бұған қоса медицина-лық кабинет, киім ауыстыра-тын және жуынатын бөлме-лер, қызметкерлерге арнал-ған жеке кабинеттер қарас-тырылған. Кешен аумағы то-лық қоршалып, ғимараттың сыртқы фасады заманауи үлгідегі металпанельдермен қапталған.

Жаңа спорт кешені ауыл тұрғындарының, әсіресе жас-тардың спортпен жүйелі айналысуына және бұқара-лық спорттың дамуына тың серпін береді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Хабарландыру!

ҚР Ауылшаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 13 сәуірде № 137 «Ауылшаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторлары айқындау қағидалары, сондай-ақ көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, дизель отыны АШТӨ үшін квоталарының көлемін қалыптастыру gosagro.kz ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

Қағида тапсырмаларына сәйкес, 2026 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына дизель отынын қалыптастыру мақсатында ағымдағы жылдың 1-30 желтоқсан аралығында gosagro.kz сайты арқылы өтінім АШТӨ төрағалары өтінім бе-ре алады.

Ескертпе: Дизель отынының бөлінген көлемі ЖАО АЖ-ға опе-раторлардың тізбесі орналастырған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дизель отынын тиіп-жөнелтуге ауылшаруашы-лығы өнімін өндірушіден өтінім болмаған кезде жойылады.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі.

Тәуелсіздік таңы- Желтоқсаннан бастау алған



С.Кожанов атындағы өлкетану музейінде “Тәуелсіздік таңы–Желтоқсаннан бастау алған” тақырыбында Желтоқсан оқиғасына қатысушы, Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, “Желтоқсан ардагерлері” қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мақсат Қарғабаймен кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараны А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектептің 6 “а” және 6 “ә” сынып оқушылары, ата-аналары және сынып жетекшілері Дүйсенбекова Мадина, Аралова Арайлым жоғары деңгейде ұйымдастырған.

Желтоқсан оқиғасының шежіресін көзбен көріп, ұлт тағдыры үшін күрескен азаматтың естеліктерін тыңдау–жас буын үшін үлкен сабақ болды. Кездесу барысында оқушылар тақырыпқа сай көріністер қойып, өлең жолдарын оқып, өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар, өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, рухты жырлар тыңдап, еркін пікір алмасты. Тәуелсіздік – құр сөз емес, әр ұрпақтың есінде мәңгі сақталуы тиіс қасиетті ұғым!



Тәжірибе алмасу және цифрлық тәсілдер

Жуырда Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзиреттілігін дамытуда жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді қолданудың маңыздылығын ашу мақсатында «Оқушылардың білім сапасын арттыруда бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзиреттілігін дамыту» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған аудандық тәжірибелік семинар өтті.

Семинарды мектеп директоры Алшынбеков Айдархан мен білім бөлімінің әдіскері Айгерім Қалыбекова ашып берді және семинар барысында құнды сабақтар мен сапалы шебер сыныптар көрсетілді.

Семинар мектеп психологі С.Таңатованың «Көңілді күйді сипаттау» психология-

лық тренингімен басталды. 1«Ә» сынып Тойбаева Жазира, 4«А» сынып Адильбекова Гүлмира, 4«Ә» сынып Адилова Аклима, 3«Ә» сынып Қайназарова Шакизат, 2«А» сынып Кошқарова Гүлмира, 3«Ә» сынып Туребаева Гаухар, 4«А» сынып Жүзтанова Гүлназ сабақтар өтсе, Абиш Акерке мен Әлімбекова Сағыныш шебер сыныптар өтті. Сыныптан тыс жұмысты Бейсеева Қалдыкүл, Серікбаева Раушан, Нұрманова Назгүл «Бабадан қалған аманат» тақырыбында тәрбие сағаттарын өтті.

Семинарды білім бөлімінің әдіскері қорытындылады. Аталған мектеп мұғалімдері өз тәжірибелерімен бөліссе, семинарға қатысушы әріптестер көкейлерінде жүрген мәселелерді талқылады. Семинардан алар дүние мол болды.

Тәкен мектебіндегі тағылымды шара

Тәкен Әлімқұлов атындағы мектеп интернат-лицейінде Тәуелсіздік күніне орай салтанатты іс-шара өтті. Шараға желтоқсан ардагерлері Мақсат Жеңісұлы мен аудандық білім бөлімінің әдіскері Гүлшат Ермахан Нысанбекқызы, мектеп директоры Шардарбеков Сәкен Өтелбайұлы, мектептің ұстаздары мен шәкірттері қатысып отырды. Шараны ұйымдастырушылар 9 хб сыныбы оқушылары мен сынып жетекшісі Мадина Оразбаеваға алғысымыз шексіз.

Мерекелік әдеби кеш жоғары деңгейде болды. Тәуелсіздік туралы қазақ ақындарының



өлеңдерін жатқа айтып, әннен шашу шашып, күйден күмбір әуен төкті. Біздің тәуелсіз елдің ертеңгі болашағы саналатын

жастарымыздың бойында өнер мен білім қатар қанат жайып жатқаны бізді зор қуанышқа бөледі.

Желтоқсан ардагерлерін қабылдады



Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Созақ аудандық Желтоқсан ардагерлері қоғамдық бірлестігінің мүшелерін аудандық орталықтан-дырылған кітапханада аудан әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы қабылдады. Шараға кітапхана директоры Нұржамал Майусова, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері, кітапхана қызметкерлері қатысты. Дөңгелек үстел басында алуан түрлі ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

Атап айтқанда желтоқсан ардагерлерінің демалыс орындарына баруы, Келесі жылы аталып өтілетін Желтоқсан көтерілісінің 40 жылдығына орай Тәуелсіздік саябағы ішінен ескерткіш белгі тұрғызу сияқты мәселелер ортаға салынды.

–Біздің есігіміз сіздер үшін әрқашан да ашық. Алдағы уақытта айтқан ұсыныстарыңыз бойынша арнайы жоспар түзіп, барынша жұмыс жасайтын боламыз. Желтоқсан ардагерлерінің демалыс орындарына баруы, денсаулық, әлеуметтік салалары бойынша облыстағы тиісті мекемелермен сөйлесеміз. Қолымыздан келгенше көмек қолын созуға тырысамыз. Тәуелсіздік жолында еткен ерен еңбектеріңізді әрқашан бағалайтын боламыз,-деді Алтын Күнтуқызы.

Желтоқсан ардагерлері аудан әкімінің орынбасарының жылы қабылдауы мен жылы пікірлеріне риза болып тарасты.

Түс қайта Шолаққорған ауыл әкімі Жеңіс Төлепберген Бақытжанұлының бастамасымен ауыл әкімдігі аппараты қызметкерлері желтоқсан ардагерлері үшін «Атамекен» дәмханасында арнайы мерекелік дастархан жайып сый құрмет көрсетіп, желтоқсан ардагерлерінің ризашылығына бөленді.

Ризашылығымызды білдіреміз!

Айтулы ұлық мереке қарсаңында ауданымыздағы желтоқсан ардагерлерін елең, ескеріп арнайы шақырып құрмет көрсетіп құттықтау тілегін жолдаған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына, аудан әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызына, аудан әкімінің ішкі саясат бөлімінің бастығы Ерлан Райымқұлов пен Шолаққорған ауылының әкімі Жеңіс Төлепбергенге, аудандық мәслихат де-

путаты, Сұлтанбек Қожанов атындағы өлкетану музейінің директоры Ернар Сағындық пен Тәкен Әлімқұлов атындағы мектеп лицейінің директоры Сәкен Шардарбековке, орталық кітапхана директоры Нұржамал Майусова мен Ахмет Байтұрсынов атындағы мектептің директоры Ержан Сейдахметке, аудандық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы Нұрлан Бердімұратовқа және аудан

әкімдігі халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Дулат Байзақовқа желтоқсан ардагерлері атынан риясыз ризашылығымызды білдіреміз! Құдай денсаулық беріп, еңбектеріңіз жемісті, игі істеріңіз берекелі болсын!

**Желтоқсан ардагерлері
қоғамдық бірлестігі.**

Мектептегі әлеуметтік педагогтің рөлі

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер, ақпараттық технологиялардың дамуы, балалардың құндылықтық бағдарларындағы трансформация мектептегі тәрбие жұмысына жаңа талаптар қойып отыр. Осы орайда әлеуметтік педагогтің рөлі ерекше мәнге ие. Әлеуметтік педагог–оқушының тұлғалық дамуына ықпал етіп қана қоймай, оны әлеуметтік ортаға бейімдеуші, құқығын қорғаушы, отбасы мен мектеп арасындағы дәнекер тұлға болып табылады. Әлеуметтік педагогтің қызметі ең алдымен оқушының әлеуметтік жағдайын зерттеуден басталады. Ол оқушының тұрмыстық-материалдық ахуалы, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, қарым-қатынас дағдылары мен ортадағы орнына назар аударады. Бұл ақпараттар негізінде әлеуметтік педагог нақты көмек пен қолдау көрсету бағыттарын айқындайды. Мектептегі әлеуметтік педагогтің негізгі рөлдерін бірнеше бағытта қарастыруға болады. Бірінші әлеуметтік қорғаушы рөлі. Ол балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырады. Ол халықаралық конвенциялар мен ұлттық заңнамаларға сүйене отырып, оқушының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге күш салады. Екінші дәнекер рөлі. Ол-мектеп, отбасы және қоғам арасындағы байланыстырушы көпір. Ол ата-ана-

лармен тығыз байланыс орнатып, бала тәрбиесіне қатысты мәселелерді бірлесе шешуге ықпал етеді. Үшінші түзетуші-тәрбиелік рөлі. Қиын мінез-құлықты балалармен, әлеуметтік бейімделуде қиналатын оқушылармен арнайы жұмыс жүргізеді. Арнайы әдістемелерді пайдалана отырып, олардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасайды. Төртінші профилактикалық рөлі. Құқық бұзушылықтың алдын алу, девианттық мінез-құлықтың болдырмау, салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарымен жүйелі түрде айналысады. Бесінші диагностикалық және жобалаушы рөлі. Әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы, қамқорлықтағы немесе ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды анықтап, олармен жүйелі жұмыс жоспарын құрады. Ол-бүгінгі мектептің маңызды тұлғаларының бірі. Оның кәсіби біліктілігі, жан-жақтылығы, қоғаммен, ата-аналармен, оқушымен жұмыс істей білу қабілеті-мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігін арттырады. Сондықтан қазіргі мектептегі әлеуметтік педагогтің рөлі – оқушының амандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның толыққанды тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін маңызды фактор.

**Мөлдір ШОРНАХОВА,
Қ.Рүстемов атындағы
ЖББМ-нің әлеуметтік
педагогы.**

XX ғасыр трагедиясы:

Байлар институтының күйреуі және ұлт жоғалтқан құндылықтар

(Жалғасы.
Басы өткен сандарда).

Қазыкбаев Молдахалық-салықтан қашып, Қырғызстанға кеткен жас бай

Мерке өңірінің №1 ауылында тұрған 22 жастағы Молдахалық Қазыкбаев-жас болса да мыңғырған малы бар дәулеттілер қатарында. Оның шаруашылығында: 3000 қой, 256 ірі қара тіркелген.

Ол екі жалдамалы жұмысшы ұстаған.

1928 жылғы самообложение (өзін-өзі салықтандыру) науқаны кезінде Молдахалыққа 3000 рубль көлемінде міндеткерлік жүктелген. Алайда ол бұл соманы төлеуден бас тартып, Қырғызстан аумағына қашып кеткен.

Архив материалдарында 1928 жылы оның Қырғыз Республикасында жасырын тұрғаны көрсетіледі.

Бұл оқиға-кеңестік салық саясатына қарсы жасалған ашық наразылықтың көрінісі.

Қайланов Қаушем - 8 жалдамалы жұмыскер ұстаған, 500-ден астам ірі мал иесі

Қызылқұм ауданының байы Қайланов Қаушем мал шаруашылығымен айналысып, ірі қожалық құрған тұлғалардың бірі. Оның иелігінде: 2000 бас қой-ешкі, 60 бас ірі қара, яғни ірі қараға шаққанда 500-ден астам мал болған.

Қаушем шаруашылығында 8 жалдамалы жұмысшы тұрақты еңбек еткен. Бұл-сол кезеңдегі ең ірі еңбек ресурсы бар бай қожалықтарының бірі.

Сонымен қатар ол ссуда берумен, яғни ауыл тұрғындарын қарызға батырған өсімқорлықпен айналысқан. Бұл әрекет кедейлерді өзіне тәуелді етіп, оның ауыл ішіндегі ықпалын арттыра түскен.

Какузов Мұхамедия-Сарысу бойын жайлаған текті бай, 1928 жылы отбасымен бірге жер аударылған

Сарысу ауданының №3 ауылынан шыққан Мұхамедия Какузов-атақты Қаку Арғынбаевтың ұлы, дәулетті малшы әулетінің өкілі. Оның шаруашылығында: 70 бас ірі қараға тең мал болған.

1921 жылдан бастап Мұхамедия өз алдына жеке отау болып, Сарысу өзенінің бойында, әкесінен 700 шақырымдай алыста көшіп-қонып жүріп, жеке шаруашылық жүргізген.

1924-1927 жылдары әйелімен бірге Ақмола округінде тұрған, бұл да оның көшпелі және жартылай қонысты өмір салтын көрсетеді.

1928 жылдың күзіне қарай кеңес билігі оның малын толық тәркілеп, Мұхамедияны әкесімен және отбасымен бірге Урал округіне жер аударуға шешім шығарды.

Ал 1929 жылдың қаңтар айынан бастап ол қылмыстық іс бойынша қамауда отырған. Қылмыстық істің нақты мазмұны архив құжаттарында ашылмағанымен, байларға қатысты жалған айып тағу сол кезеңде кең таралған құбылыс болғаны белгілі. Жұбайы-Кендеш Какузова.

Дербіс Калабаев-ауылды агартқан, 1916 көтерілісін басқарған, кейін қуғындалған бай-басқарушы

Аулы-Ата уезінің әйгілі байы Дербіс (Калибаев) Калабаев-мал иесі ғана емес, ағартушылық пен реформалық ойды қолдаған, қазақ қоғамындағы ерекше тұлғалардың бірі.

1912 жылы Дербіс әкесі кезінде болыстық басқармада отырғандықтан және ел ішіндегі беделі үшін Суранча Толчараевтың орнына жаңа



волостной управитель болып сайланған. Толчараев бұл қызметті 30 жыл бойы атқарған.

1913 жылы Калабаев өз қаражатымен жаңа әдісті (усул-жәдит) аулдық мектеп ашты, онда кедей қазақтардың балалары тегін оқыды. Бұл-Сырдария өңіріндегі жәдиттік қозғалыстың ірі көріністерінің бірі.

Ұлт-азаттық қозғалыс басталғанда Дербіс өз ауылында көтерілісті ұйымдастырып, патша жарлығына қарсы халықты үгіттеген.

Осы әрекеті үшін ол: қызметінен қуылды, тұтқындалып, абақтыға жабылды.

Тек 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін ғана босатылған.

1921 жылы-ақ Г.И.Сафаров комиссиясы оны жер аударуға белгілеген, бірақ көшірілмей қалған.

Алайда 1928 жылғы тәркілеу кезінде Дербіс Калабаев өзінің 6 ұлы және олардың отбасыларымен бірге Урал округіне жер аударылды.

Тәркіленген мүлік көлемі: 47 бас ірі қара, 47 мың (!) сноп фураж, 2 киіз үй, мельница (диірмен), үй-жай және ағаш отырғылары.

Балаларының тағдыры: Мырзахан-қызыл армияда соғысқан, 1920 жылдан бастап кеңестік қызметкер, халық соты. Мырзахмет-комсомол мүшесі, мұғалім. Шәрифхан-Теміржол құрылысында тас жеткізуші.

Әйелдері: Айша, Халамхас, Мафия. 1916 жылы татар әйелі Аминаға үйленген, сол арқылы 3 бала көрген.

Калибеков-Қызылқұмдағы 2000 қой иесі, саяси қарсыластықты басқарған бай

Қызылқұм ауданының №16 ауылында тұрған Калибеков – жартылай отырықшы, бірнеше батрақ ұстаған, 2000 қой иесі ірі бай.

Округ бойынша оның аты «Қызылқұм группировкаларының» белсендісі ретінде аталады. Ол өзге байлармен бірігіп: Умаров атты жақтасын тұтқындауға қарсылық көрсетті; халықтың Чардария каналын қазуға жұмысшы жіберуіне тыйым салды.

Осы әрекеттері салдарынан мақта егіс науқаны сәтсіз аяқталған.

Ақ-Төбе ауылындағы волостной кеңес съезінде Калибеков: большевиктердің ұсынған кандидаттарына қарсы шығып; президиумға байлардың өкілдерін өткізуге тырысты; молдалар мен бұрынғы волостной управительдермен бірге саяси қысым жасаған.

Архив деректерінде оның төменгі кеңес аппаратына зор ықпал еткені, шешімдерді өз пайдасына бұра алғаны айтылады.

Төрт-Атаның басы-Ибраим Камытбеков

Бадам ауданының №15 ауылында тұрған Ибраим Камытбеков-қарапайым бай емес, бүкіл аймақта ықпалы жүріп тұрған Төрт-Ата руының

басшысы, бұрынғы болыс-билер әулетінің мұрагері.

Мыңғырған мал, батрақ еңбегі және руаралық бедел

Ибраимның шаруашылығында: 300 бас ірі қара, 2000 қой-ешкі бар еді.

Бұл – бүкіл Бадам өңіріндегі ең ірі қожалықтардың бірі. Ол бірнеше батрақ ұстап, оларға жалақы төлемеген. Мұндай әдіс сол кезеңдегі ірі байлардың көпшілігіне тән болғанымен, Камытбековтің беделі өзгелерден әлдеқайда жоғары еді.

1927 жылы әкесі батрақты соққыға жыққаны үшін тұтқындалады. Сол кезде Ибраим: Нарсудтың көшпелі сессиясының төрағасы Курбанбаевқа пара беріп, әкесін абақтыдан босатып алған.

1928 жылғы тәркілеудің жақындағанын сезген Ибраим ауылдың ықпалды адамдарымен бірігіп: халыққа мал жасыруды, байлықты туыстарға бөліп тастау, бір бөлігін жедел сатып жіберу жөнінде ашық үгіт жүргізген.

Нәтижесінде байлардың ғана емес, орта шаруалардың да бір бөлігі малын жасырып, сатқан.

Қамалдан шықпай кеткен Омархан Қантарбаев

Сарысу ауданының №5 ауылынан шыққан Омархан Қантарбаев-тыныш, шаруасын күйттеген, дәулеті бар, бірақ саяси белсенділігі жоқ адам еді. Алайда оның өмірінің соңғы айлары кеңестік қыспақтың қаталдығын айқын көрсетеді.

1932 жылы 15 наурызда Сарысу халық соты Омарханды Қылмыстық кодекстің 6/3-бабы бойынша айыптап, еңбекпен түзеу колониясына жіберу туралы үкім шығарады.

30 шілдеде ол Ақмола еңбек-түзеу колониясына (болашақ АЛЖИР лагерлер жүйесінің бастауында тұрған орындардың бірі) жеткізіледі.

Бірақ лагерьдегі өмір ұзаққа созылмады-ол сол жылдың 30 қыркүйегінде, бар-жоғы екі айдан кейін 65 жасында қайтыс болды.

Омарханның артында: 6 адамнан тұратын отбасы, сауатсыз, өмір бойы мал баққан қарапайым шаруа екені көрсетілген.

Ол ешқандай партияға мүше болмаған, ешқандай "тәртіп бұзушылық" тарихы да жоқ. Бірақ кеңестік саясат үшін оның бір ғана статусы жеткілікті болды-"бай" деген таңба.

Ходжан Кененбаев: Үш әйелі, мыңғырған малы және қашқын өмірге айналған би тағдыры

Иржар ауданының «Ақ-Чағана» ауылында өмір сүрген 62 жастағы Ходжан Кененбаев-дәстүрлі қазақ қоғамының «би-патриарх» типіндегі өкілдерінің бірі. Ол жартылай отырықшы өмір сүріп, шаруасын да, ру ішіндегі ықпалын да қатар ұстаған.

Ходжанның иелігінде: 900 бас ірі қара, 5000-ға жуық қой-ешкі болған. Малдың көп бөлігі Өзбекстан мен

Тәжікстанның таулы жайылымдарында бағылған. Бұл-байдың алыс қыстауларға ие болғанын, аймақаралық ықпалын көрсететін дерек.

Ол бір кездері волостной управитель қызметін атқарған, ауыл ішінде сөзін өткізген беделді адам еді. Кедей шаруаларды экономикалық тәуелділікте ұстап, 18 үйді өз шаруашылығына байлап қойған.

1927 жылы Ходжан басқа рудың азаматын өлтіріп қойған. Марқұмның туыстары "құн" төлеуді талап еткен. Милиция іздеп келген сайын Кененбаев қамыс арасына тығылып, ел көзіне түспей қашып жүрген.

Архивте ерекше бір дерек сақталған.

Ходжан бір кездері адал қызметі үшін малайын-Дехқанбаев Куюмбайды: бір қибиткамен, малымен, әйел алып беріп, сыйлаған екен.

Алайда үш жыл бұрын сол сыйдың бәрін қайта тартып алып, әйелін де ажыратып, мүлкін басқа пастухқа берген. Бұл-байлықтың мейірімділік пен әділетсіздікке қатар мүмкіндік беретінін көрсететін ащы шындық.

1928 жылдың кезекті науқаны жақындағанда, Кененбаев та малын жасыртып, бір бөлігін жедел сатып, қалғанын туыстарға бөліп, амал қылған.

Елубай Көкталов: екі әйелі, үш мың қойы бар Меркелік байддың тағдыры

Меркенің №1 ауылында тұрған 35 жастағы Елубай (Илюбай) Көкталов – жастығына қарамастан дәулетімен көзге түскен бай.

Оның иелігінде: 3000 қой, 250 ірі қара болған.

Көкталов бірнеше батрақ ұстап, кейде оларға жалақы бермей, тіпті қуып жіберген кездері болғаны архивте көрсетілген.

Малдың бір бөлігін кедейлерге уақытша беріп, олардың атына жаздырып, салықтан жасырған.

Бұл-сол кезеңдегі көптеген байлар қолданған кең таралған әдіс.

1928 жылғы тәркілеу науқаны барысында Елубай Көкталов отбасымен бірге Сламихин ауданына (Урал округі) жер аударылған. Отбасы 4 адамнан тұрған.

Күлбай Көкталов-үш әйелі, сегіз батрағы бар, 6000 қой ұстаған Меркенің ең дәулетті байларының бірі.

№1 ауылдың тұрғыны Күлбай (Көкталов) Көкталов, 40 жаста, жастығына қарамай Мерке өңірінің ең ауқатты адамдарының қатарынан орын алған.

Оның шаруашылығында: 6000 қой, мыңдап есептелетін басқа мал түрлері, 8 тұрақты батрақ болған.

Бірақ Күлбайдың атақ-даңқы малымен ғана емес, беделін екіұдай көрсететін әрекеттерімен де белгілі.

Архив деректері Күлбайдың жұмысшыларға қатыгездікпен қарағанын жасырмайды:

1.Байдыходжаев деген пастух Күлбайдың соққысынан жәбір көріп, Нарсудтың 8-участогында іс қозғалған.

2.Аспарин болысының №12 ауылының тұрғыны Ахметов-еңбек-ақысыз қуылған.

3.№20 ауылдың Сұлтановы-әйелімен бірге бір жыл жұмыс істеп, жалақысыз далада қалған.

4.№19 ауылдың Илбаев-ұзақ уақыт жұмыс істеп, еңбегіне тиын алмаған үстіне 1200 шөп шөмелесін бай алып қойған.

Көкталов салықтан жалтару үшін малды әдейі төмендетіп көрсеткен: Салық тізіміне 1600 қой мен 106 ірі қара ғана енгізіп, ал шын мәнінде 4600-5000 қой бар екенін тексеріс нақтылаған.

Күлбай Мерке байлар тобының белсендісі болып, ауыл әкімшілігімен байланыс орнатып, жалған актілер арқылы малдың «қырылғанын» дәлелдеуге тырысқан. Бұл тәсіл тәркілеуден құтылудың кең таралған амалы еді.

Бегазы Конусбаев - 2560 қой, 210 ірі қара иесі, би әулетінің мұрагері және ықпал үшін күрескен тұлға

Аспарин болысының №17 ауылында тұрған 46 жастағы Бегазы Конусбаев-малымен ғана емес, шыққан тегімен, саяси байланыстарымен де ерекшеленген бай.

Бегазы-атақты Сәрсенбиев бидің ұлы Конусбайдың баласы.

Әкесінің абыройы оған аймақта зор бедел дарытқан.

Оның иелігінде: 2560 қой, 210 ірі қара болған.

Күлбай сияқты ол да батрақ еңбегін пайдаланып, көбіне жалақы төлемей, күштеуге сүйенген. Архивте бір нақты жағдай келтірілген:

Батрак Манабаев екі жыл жұмыс істеп, ақы сұрай келгенде байдың соққысын көрген.

Бегазының беделі оның өз мінезімен ғана емес, туыстық байланыстарымен де нығайған.

Оның жақын туысы Джийлизбаев Максуд кеңестік билікте жауапты қызметте отырған.

Осы байланысты пайдаланып, Бегазы мен басқа байлар: тәркілеуге қарсы кедейлерді өздеріне қосу үшін қауесет таратқан, “Алдымен байдың, кейін кедейдің малын тартып алады” деп үгіт жүргізген, Адвокат Мангельдин арқылы орталық органдарға шағым жолдаған, Ауыл әкімдерін өз ықпалына бағындырып, жалған актілер жасатқан.

Егизбай Конусбаев – 2500 қой мен 210 ірі қараның иесі, әке-беделін тірек еткен, бірақ заманы өзгерген адам

Аспарин болысының №17 ауылында тұратын 60 жастағы Егизбай Конусбаев-екі әйелі, мыңғырған малымен ғана емес, Сәрсенбинов (Сәрсенбиев) Конусбай бидің ұлы ретінде елге белгілі адам.

Оның шаруашылығында: 2500 қой, 210 бас ірі қара болған.

Бұл-бір ғана ауыл емес, бүтін болыс көлеміндегі ең ірі қожалықтардың бірі.

Егизбайдың мінезінде қаттылық басым еді. Батрақтарға: жалақы төлемеген, еңбек келісімін жасамаған, қатал мінез көрсеткен.

Малын салықтан жасыру үшін ол: туыстарына, кедейлерге уақытша бөліп беріп отырған.

Тәркілеу жақындаған сайын Егизбай халық арасында қауесет таратқан:

«Бүгін байды тәркілейді, ертең кедейдің малын да тартып алады» деп.

Бұл сөз жарлы-жақыбайды қорқытып, оларды байлармен бірігуге шақырған.

Егизбайдың аяғын нық басуға себеп болған-Адвокат Мангельдин мен кеңестік аппараттағы ықпалды туыстарымен байланыс. Байлардың мүддесін қорғау үшін Мангельдинге крупное вознаграждение ұсынылғаны да жасырылмай жазылған.

Бұл-байлардың мемлекеттік жүйедегі саңылауларды қалай пайдаланғанын дәлелдейтін дерек.

Мирғазы Конусбаев-3000 қой, 513 ірі қара және 16 батрак ұстаған, әулет мәртебесін жалғаушы

Егизбайдың 30 жасар туысы Мирғазы Конусбаев-әулеттің жас, бірақ өте ықпалды мүшесі. Ол да екі әйелімен бірге №17 ауылда тұрған.

Мирғазының шаруашылығында: 3000 қой, 513 ірі қара, 16 жалдамалы жұмысшы болған. Бұл-бір болыстың қарасын қамтитын үлкен шаруашылық.

Архив деректері Мирғазының батрақтарды-жалақысыз, келісімсіз, қорлықпен ұстағанын айғақтайды.

Кедейлерге малды уақытша беріп, кейін қайта тартып алу арқылы оларды тәуелді еткен.

Мирғазының беделін нығайтқан — оның әулетінің аты мен Джийлизбаев Максуд сияқты кеңестік билікке жақын тұрған туыстары.

Бұл қолдау Мирғазыға: аймақтық әкімшілікке ықпал етуге, байларды ұйымдастыруға, жалған актілер жасатуға мүмкіндік берген.

Мирғазы өз туыстарымен бірге арнайы байлар жиналысын өткізіп, тәркілеуден құтылудың амалдарын қарастырған. Ең басты стратегия: малды жасыру, халықты қорқыту, “совет барлық малды тартып алады” деген сөз тарату.

Конусбаев Сегізбай-мал-мүлкін жасырып, ауылда ықпалын күшейткен бай

Конусбаев Сегізбай—58 жаста, Сырдария округінің Мерке ауданына қарасты Аспарин болысының №17 ауылының байы. Екі әйелі болған, ірі шаруашылықты басқарған. Негізгі кәсібі-мал шаруашылығы, қол астында бірнеше батрақ ұстаған. Оның меншігінде 2000-ға жуық ұсақ мал мен 106 ірі қара болып, салықтан құтылу үшін малдың бір бөлігін кедейлерге уақытша таратып беріп отырған.

Ауылда экономикалық үстемдігі жоғары болғандықтан, кедейлерге ықпал жүргізіп, басқа байлармен бірге алдағы тәркілеуден мал-мүлкін жасыруға бағытталған үгіт жүргізген. Кеңес өкіметі «барлық халықтың малын тартып алады» деген үрейлі сыбыстар таратып, кедейлерді қорқыту әрекеттері анықталған.

Сегізбайдың шаруашылықтағы әділетсіздігіне қатысты бірнеше шағым болған. Мысалы, Джапабаевпен 4,5 десятина жерге ортақ егін еккенімен, жұмыс біткен соң оған тиесілі үлесін бермей, қуып жіберген. Оның үстіне, батрағы Минбаев екі жыл қызмет еткені үшін еңбекақысын сұрағанда, Конусбаев керісінше оны ғрып-соққан. Жәбірленушілер ықпалды туыстары мен ауыл ішіндегі беделінен қорқып, шағымдануға батпаған.

Кубеев Камбар-малын жасырып, саяси топқа қатысқан ірі бай

Кубеев Камбар—50 жастағы бай, Сырдария округінің Қызылқұм ауданы №9 ауылының тұрғыны. Шаруашылығы жартылай көшпелі сипатта болған. Иелігінде 100-ге жуық ірі қара және 4000-ға тарта қой-ешкі болып, бірнеше батрақтың еңбегін пайдаланған. Салық есебінде мал санын әдейі азайтып көрсетіп, тек 21 ірі қара мен 250 ұсақ мал деп тіркеген.

Ол «Қазы-Гузар» деген жерде тұрған, Қызылқұм болысындағы кеңестік аппаратты өз бақылауына алуға бағытталған топтық күреске белсенді қатысушылардың бірі болған. Сондай-ақ бұрынғы волостной управитель Турабаевтың асына байланысты ұйымдастырылған кеңесте де көрінген, бұл жиын сол кезеңдегі дәстүрлі элитаның саяси ықпалын сақтап қалуға талпынысы ретінде бағаланады.

Кубеев Курбан-ірі мал иесі, бай топтарының белсенді мүшесі

Кубеев Курбан—54 жастағы ауқатты бай, Сырдария округінің Қызылқұм ауданындағы №9 ауыл мен «Байнак-Кузар» өңірінде өмір сүрген. Жартылай көшпелі шаруашылық жүргізіп, бірнеше батрақ ұстаған. Оның қолында 100-ге жуық ірі қара және шамамен 5000 ұсақ мал болған. Салық есептеу кезінде малдың басым бөлігін жасырған: тек 23 ірі қара мен 1172 ұсақ мал деп көрсетіп, нақты иелігінің көп бөлігін есептен тыс қалдырған.

Кубеев бұрынғы Қызылқұм болысының байлар топтарына қатысып, волуправитель Турабаевқа жасалған асқа қатысты кеңестің мүшесі болған. Бұл асқа кететін шығындардың едәуір бөлігі кедейлерге күштеп жүктелген. Байлар тобы уезд деңгейіндегі кейбір қызметкерлермен байланыс орнатқан, олардың 14-і тұтқындалып, ісі ОГПУ-дің Ерекше Кеңесіне жіберілген.

1928 жылғы тәркілеу кезінде Кубе-

евтің нақты мүлкі 211 бас ірі қараға тең деп есептелді (938 қойға баламалы), бұл қатарға 20 түйе және 4 жылқы да кірген. Сол жылдың күзіне қарай ол 11 адамнан тұратын отбасымен бірге Урал округіне жер аударылды.

Отбасы құрамы: жұбайы Бапуш Рүстемова (50 ж.), ұлдары — Ислам (25 ж.), Мустафа (24 ж.), Зубира (20 ж.), Зибә (18 ж.), Аймақұл (16 ж.), Атем (6 ж.), Андар (4 ж.), қызы — Гүлндам (3 ж.).

Ұлы Исламның отбасы: әйелі Болған (25 ж.), ұлдары Маулен (5 ж.) және Анафия (2 ж.).

Кузембаев Режеб (Ережеп) - бай топтарының саяси белсендісі, байланысшы әрі үгітші

Кузембаев Режеб—35 жастағы бай тұқымынан шыққан, Сырдария округінің Бадам ауданы №8 ауылының тұрғыны. Руы-Бокбай (Ботпай). Ол Бадам өңіріндегі антисоветтік бай топтарының белсенді мүшесі ретінде танылған. Қоғамда «делдал» (маклер) ретіндегі беделі болған, шаруалар арасындағы түрлі істерде ара ағайындық, келісім жүргізумен айналысқан.

Патша дәуірінде бірнеше жыл адармашылық қызмет атқарған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Чиналиев Тасбулат басқаратын байлар тобында болды. Бұл топ Чимкент уезіндегі бай-кулак элементтерін біріктіріп, орталығы Сайрамда шоғырланған. Топтың Ташкент, Ферғана, Бұхара және Ауғанстанмен байланысы барлығы анықталған. Эсэршіл эмиграция өкілдері оларды қолдап отырған.

Топтың мақсаттары: қаражатты біріктіру; қарулану және қару сатып алу; үгіт-насихатты күшейту; кеңғауым халық арасында кеңес билігіне қарсы наразылық тудыру; салыққа қарсы үгіт жүргізу; кеңес билігінің «ұзақ тұрмайтыны» жөнінде қауесет тарату; өз партиясын құру және Ауғанстан мен Англиядан көмек сұрау делегаттарын жіберу.

1926 жылы Кузембаев Бадам болысындағы бір топтың жетекшісі болды. Бұл топтың көздегені — сайлау кезінде кеңестік аппаратқа өз адамдары арқылы ықпал орнату еді. Топ рулық сипатта ұйымдастырылып, нәтижесінде Кузембаев Чимкент УИК-інің мүшелігіне өткен.

Күлбаев Ахимбек-Қараспан өңірінің ауқатты мал иесі

Күлбаев Ахимбек-Сырдария округінің Қараспан ауданынан шыққан белгілі бай. Шаруашылығы мал өсірумен тығыз байланысты болып, оның қолындағы мал басы 105 басқа тең (ірі қара есебінде) болған. Кеңестік кезеңге дейін дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізген, ірі шаруашылық иелерінің қатарына кірген.

Күлбеков Тұраргелді (Түлебеков Түляберді)-мыңғырған мал иесі, бөлек шаруашылық құрған бай

Күлбеков Тұраргелді (құжаттарда Түлебеков Түляберді деп те өтеді)-33 жастағы ауқатты бай. Туған жері-Чилик болысының №4 ауылы, «Миң-Бұлақ» өңірі. Кейін Түркістан ауданындағы №7 ауылға қоныс аударған.

Негізгі кәсібі — мал шаруашылығы. Оның иелігіндегі мал саны өте көп болған: 2800 бас ұсақ мал, 58 бас ірі қара.

1928 жылғы тәркілеу науқаны қарсаңында оның тіркеуде: 95 қой, 7 жылқы, 10 түйе көрсетілген, бұл оның малдың көп бөлігін жасырып қалуға тырысқанын аңғартады.

1923 жылдан бастап әкесінен бөлініп, дербес шаруашылық жүргізген.

Отбасылық деректер: әкесі—Күнтіев Күлбек, інісі—Мұхтар Тұраргелдіұлы.

Күлджаев (Күлшаев) Құнұр-Седік-Созақ өңірінің байы, кеңес билігіне қарсы болмаған

Күлджаев (кей құжаттарда Күлшаев) Құнұр-Седік—Сырдария округінің Созақ ауданындағы ауқатты мал иесі. Шаруашылығы шағын болғанымен, 20 бас ірі қараға тең мал ұстаған. Архив деректерінде оның

кеңес билігіне қарсы әрекеттерге қатыспағаны көрсетілген. Бұл — 1928 жылғы тәркілеу науқаны кезінде сирек кездесетін сипаттама.

Күлчаев Анвар-Чаянов ауданының байы

Күлчаев Анвар—Сырдария округінің Шаян ауданынан шыққан бай, мал шаруашылығымен айналысқан. Оның отбасы туралы деректер сақталған: жұбайы Тұлайма Күлчаева. Мал саны жөнінде архивте нақты көрсеткіш сақталмаған, бірақ оның шаруашылығы дәстүрлі бай шаруашылықтарының қатарына кірген.

Кунанов Әліп - 500 бастан аса малы бар бай-феодал

Кунанов Әліп — Сырдария округінің Сарысу ауданынан шыққан аса ауқатты бай, кеңестік құжаттарда «бай-полуфеодал» ретінде сипатталады. Негізгі кәсібі — мал шаруашылығы. Оның иелігінде 500 бастан астам мал (ірі қара есебінде) болған. Шаруашылығында 10 жалдамалы батрақ еңбек еткен, бұл оның шаруашылығының көлемі мен әлеуметтік салмағын айғақтайды.

Отбасы құрамы өте үлкен — 40 адам болған. 1928 жылғы 27 тамыздағы Сырдария округтік комиссиясының қаулысымен Кунанов әулеті Урал округіне еріксіз жер аударылды. Алайда олардың біраз уақыт №30 ауылда, Ілек ауданы (Ақтөбе округі) аумағында уақытша тұрғаны тіркелген.

Құрбанов Ислам - бөлек шаруашылық құрған жас бай

Құрбанов Ислам — 25 жастағы жас бай, Қызылқұм ауданының №9 ауылында дүниеге келген. Ол-белгілі бай Кубеев Құрбанның ұлы. 1926 жылдан бастап әкесінен бөлек өз шаруашылығын жүргізген.

Мал шаруашылығымен айналысқан. Тәркілеуге дейінгі мүлкі: 1 киіз үй толық жасау-жабдығымен, 200 қой-ешкі, 6 түйе, 1 жылқы, 1 есек.

Құжаттарда сауатсыз (неграмотный) деп көрсетілген. Отбасы: жұбайы Болған (25 жаста), балалары-Маулен (5 ж.) және Анафия (2 ж.).

Курлубаев Ақберді - ірі мал иесі, екі диірмен мен мешіт салған бай

Курлубаев Ақберді — Сырдария округінің Келес ауданындағы №16 ауылдан шыққан ауқатты мал иесі. Мал шаруашылығын жүргізген, иелігінде: 32 бас ірі қара, 960 қой-ешкі, 10 түйе болған.

Ақберді тек малмен айналысып қана қоймай, жергілікті экономикалық инфрақұрылымға да үлес қосқан. Оның қарауында екі су диірмені болған-бұл өңірдегі аса маңызды шаруашылық нысандарының бірі. 1928 жылы өз қаржысына мешіт салды, бұл оның ел ішіндегі ықпалы мен дәстүрлі діни құндылықтарды қолдағанын көрсетеді.

Құсбеков Қадырбек-3000 қойы бар, Беловод көтерілісін қолдаған ықпалды бай

Құсбеков Қадырбек—37 жастағы ауқатты мал иесі, Сырдария округінің Мерке болысы мен ауданындағы №1 ауылдың тұрғыны. Екі әйелі болған. Негізгі кәсібі-мал шаруашылығы, шаруашылығында бірнеше батрақ жұмыс істеген.

Оның иелігіндегі мал көлемі өте үлкен болған: 3000-ға жуық қой, едәуір көп ірі қара.

Салық салу тізіміне ресми түрде 2605 қой мен 74 ірі қара енгізілген. Бұл дерек нақты мал басынан төмен көрсетілген болуы әбден мүмкін.

Құсбеков ауылда ықпалды тұлға болған. Ауқатты бай ретінде халыққа сөзін өткізе алған. Аулие-Ата уезінде орын алған Беловод көтерілісі кезінде ол контрреволюциялық үгіт жүргізіп, көтерілісшілерді қолдауға шақырғаны туралы мәліметтер бар.

**Самат Жұматайұлы,
Жас ғалым, Қазақстан және
Орталық Азия тарихын зерттеу
институтының бас директоры.
(Жалғасы бар).**

Мемлекет басшысы ұсынған «Жайлы мектеп» моделі-қазіргі заманғы оқыту стандарттарына сай бірыңғай кеңістік құру арқылы еліміздегі орта білімнің деңгейін жүйелі арттыруды көздеген стратегиялық бастама. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында: «Менің тапсырмаммен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жылдың соңына дейін заманауи үлгідегі 217 мектеп пайдалануға беріледі. Осы өте маңызды жұмысты «Самұрық-Қазына» қоры қадағалап отыр. Үкімет пен әкімдер бұл шаруаға белсене атсалысуға тиіс. Бұдан бөлек, мектептердің жұмысын жақсарту шараларын қолға алған жөн. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал. Ұстаздар-ұлттың зияткерлік қуаты. Олар



тәжірибе алмасуына ықпал ету; білім беру ұйымында оқу үдерісін арттыру бойынша оқушылардың шығармашылықтарын, оқуға деген қабілеттерін арттыру; заманауи білім берудегі интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану жолдарымен бөлісу болып табылады. Күнделікті өтілетін сабақтарда мұғалім білім алушылармен тығыз қарым-қатынаста болады, оның өзара ғылыми және тәрбиелік тұрғыдан білім алушыларға ықпалы зор және жемісті болады. Әрбір сабаққа қойылған мақсатқа жету үшін мұғалім белсенділік көрсетіп, үнемі ізденісте болуы керек. Жалпы ауданда білім саласының дамуы жаман емес. Мемлекет барынша жас ұрпақтың лайықты білім алуларына қолдан келер игілікті істерін жасауда. Мұғалімдерге де жағдай жасалып жатыр. Ендігі кезек-

Алғыс айту-жүректен шыққан жылы ниет

білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет. Баланы мектепке дайындау мәселесіне айрықша назар аударған жөн. Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ісіне мемлекетпен қатар ата-аналар да жауапты. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласында әр балаға бөлінетін қаражат отбасының нақты табысына байланысты болуы керек. Осылайша, біз білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру арқылы шын мәнінде мұқтаж азаматтарға көмек көрсетеміз және мемлекеттік қолдаудың ашық болуын қамтамасыз етеміз. Түптеп келгенде, азаматтарымыздың әлеуетін арттырамыз»-деген болатын.

Осы жолдау аясында Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында салынған «Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің» жаңа ғимараты наурыз айында пайдалануға берілді. Қара шаңырақ атанып кеткен мектептің тарихы тереңде жатыр. Сонау 1906 жылы өңірге белгілі Атабай байдің ауласында орыс-қазақ мектебі болып бой көтерген білім ордасы талай қилы кезеңдерді басынан кешірді. 1913 жылы осы мектептің қабырғасында діни оқу мектебі қатар ашылып, оқушыларды Ислам діні әлеміне, имандылық-инабаттылық иірімдеріне баули бастаған.

Бұл мақсатта үш мұғалім тартылып, осы мектеп арқылы қалың бұқара санасын діни сәулемен нұрландыруға мейлінше күш салған. 1919 жылы қазақ-өзбек мектебі болып қайта құрылып, сабақ араб қарпімен оқытылды. 1925 жылы А.Луначарский есімі беріліп, мектеп ауқымы кеңейіп, 200-ге жуық бала білім алып, мұғалімдер қатары өсе түсті. 1960-1962 жылдар аралығында жаңа мектеп құрылысы салынып, жаңа сәулетті мекенге қоныс аударды.

Аталған мектептің соңғы ескі ғимаратының іргетасы қаланғанына жарты ғасырдан астам уақыт болыпты. Дәлірек айтқанда 63 жыл болған. 1962 жылдан бастап тұңғыш ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин есімімен аталып, ауданымыздағы №1 орта мектеп болып келді.

«Жайлы мектеп» атауынан «Келешек мектеп» болып өзгерген жоба аясында салынған мектебіміздің ерекшелігі қазіргі заман талабына сай тегін, сапалы білім беруді мақсат етеді. Бұл мектептің техникалық базасының жақсартылуы ғана емес, балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілетін ұштайтын кеңістік қалыптастыруды көздейді.

Мектебімізде Робототехника кабинеттері, STEM зертханасы, хореография залы, лед экранды мәжіліс залы, коворкинг алаңы, жаңа форматтағы кітапхана, 3 спорт залы, алғашқы әскери дайындыққа арналған алаң оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдауға, әрқайсысына бойындағы таланты мен мүмкіндігін мектеп қабырғасынан танып, ашуға арналған.

Әрине, бұл мектептің миссиясы бірыңғай заманауи стандарт, зама-

науи технологиялар, күшейтілген қауіпсіздік режимі, бәріне қол жетімді, тең мүмкіндіктер, оқытудың заманауи тәсілдері, ерте жастан кәсіби бағдар беруге арналғандығын айта кету керек.

Бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекет пен адам озық бәсекеге сай болуы үшін ең бірінші білім мен ғылымды өркендетуде болашақ ұрпақтан күтеріміз көп. Сондықтан да осы жас ұрпақтың бойына терең білім мен рухани құндылықты қатарды сусындатып жүрген білікті ұстаздар да бар. Мектепте білікті педагог кадрлар жұмыс жасайды.

Мектепте 1292 оқушы білім алады. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру бойынша мектептегі 10-11 сынып оқушылары қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытта дәріс алады. Оқушылар түрлі пәндік олимпиада мен ғылыми жобалар байқауына қатысып, Республика көлемінде жүлделі орындарға ие болуда.

Осы тұрғыда ұстаздар әр баланың жеке дамуына және ішкі әлеуетін ашуға мүмкіндік туғызуы шарт.

Ең бастысы-«Келешек мектептері» арқылы сапалы адам капиталын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосып, білімге инвестиция салу арқылы елдің ертеңіне инвестиция құятынымызды ұмытпағанымыз абзал. Мектептің жеті оқушысы «Елбасы» медалінің иегерлері атанды.

Жалпы мектептің облыстық, республикалық олимпиада да, ғылыми жоба жұмыстарының жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Мектепте мектепшілік семинарлар жиі өтіп тұрады. Оның негізгі мақсаты пән мұғалімдеріне оқытудың тиімді әдістерін көрсету, педагогтардың өзара

те ұстаздар мен ата-аналар тарапына артылар жүктің салмағы басым екені анық.

Осы игілікті жобаға мектеп мұғалімі ретінде өз үлесімізді қосып жатырмыз. Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің үш ауысымдылық мектеп болуына байланысты жалпы 20 ұстаз, 200-ден астам оқушы ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап жаңа мектеп табалдырығын аттады. Мектеп басшылығы мен ұжымына рақмет, бізді жылы қабылдады. Екі жақтың мұғалімдерін бір қолдың саласындай етіп біріктіріп, бөліп-жармай, жауапкершілікпен қарап, ұйыстыра білді. Сол үшін де мектеп басшысы Мәлік-айдаров Серғали ағайдың ұстаздар мен оқушылар үшін сіңіріп жатқан еңбегі зор. Біздің ұсыныс пікірлерімізді тыңдап, әрбір ұстазбен сана-сып, ақылдасып, пікірлесіп отырады.

Білім мен мәдениеттің, еңбекқорлық пен ұлтжандылықтың озық үлгісі мен символына айналған ұлы тұлғаның есімін иеленген Созақ ауданындағы көне де, шежіреге толы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептің басшысы С.Мәлікайдаровқа, мектеп ұжымына өз алғысымызды білдіреміз.

Мектеп басшысы мен ұлағатты ұстаздарымызды, оқушыларымызды, ата-аналарымызды Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл жаңа табыстар әкеліп, жаңа жетістіктерге жете берейік!

Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің бір топ ұстаздары.

Тұрғын үйлерді өрттен сақтайық!

Тілсіз жаудың басым көпшілігі тұрғын үйлерде орын алып жатыр. Отқа ұқыпсыз қарау, үлкендердің мас күйде темекі шегуі, газ баллондардың ақауы, тұрмыстық электр аспаптарының қараусыз қалуы, міне осының барлығы оттың шығуына себеп болып, арты қайғылы жағдайға әкеліп соғады.

-пештің жарылғаны болса сылап, есігінің тығыз жабылуын қадағалаңыз;

-мал азығын үйден аулақ жинаңыз;

-газ баллондарды, электр аспаптарын үйден шығарда мықтап өшіріңіз;

-қолдан жасалған электр аспаптарын пайдаланбаңыз;

-балалардың сіріңкемен ойнауына жол бермеңіз; Осы ережелерге мұқият мән беріп, өз өміріңізге ұқыптылықпен қараңыз! Өрт болған жағдайда өрт сөндірушілер келгенше қолыңыздағы бар құралдармен сөндіруге болады. Сондықтан үйіңізде қарапайым сөндіргіштің болғаны қайғылы жағдайлардан сақтап қалады.

Заңғар АЛШЕРОВ,
Созақ аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

Көптеген адам көзге көрінбейтін, елеусіз, жәдігөй-тұншықтырғыш газдан немесе көміртегі тотығынан жазғырады. Өкінішке орай, тұншықтырғыш газ туралы білгенімен, бәрібірде барлық жерде онымен ұлану кездеседі. Көбінесе өрт қауіпсіздік ережелерді

ұлыққа түзелмейтін зиян келтіру мүмкін. Негізгі мәселе болып, оның түсінік, иісінің болмауы табылады, сондықтан оны жие «үнсіз өлтіруші» деп атайды. Тұншықтырғыш газ ауамен араласқан кезде іс жүзінде көрінбейді, сондықтан адам күйінің нашарлануын тек

Ұлы газдан абай болыңыз!

сақтамағандықтан, яғни жылу пештерін және газ құрылғыларын қате қолдану нәтижесінде болады. Тұншықтырғыш газ адам организмине жаман әсер етуі, оның тыныс алу жүйесін зақымдап, қан жүйесіне еніп, сонда гемоглабинмен қосылады. Нәтижесінде қан құрамының өзгерістері пайда болады. Тұншықтырғыш газбен улану организмге қатаң әсерін тигізіп, кейбір жағдайларда денса-

қана уланғаннан кейін байқайды.

Тұншықтырғыш газбен уланудың қайғылы жағдайларды алдын алу мақсатында Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қарапайым қауіпсіздік ережелерді сақтауға шақырады:

-жұмыс жасап жатқан газ құрал-жабдықтарын қараусыз қалдырмаңыз;

-тек қана жарамды құрал-

жабдықты қолдаңыз. Пеш қалауындағы жарықшақ, түтіндіктің бітеліп қалуы ауыр салдарға әкеліп соғу мүмкін;

-газ құрал-жабдығын өз күшімен жөндеу, ауыстыру, қайта қондыру жұмыстарын жүргізбеңіз;

-жабық ғимараттарды жылыту үшін газды немесе керосинді жанарғыны қолданбаңыз;

-балаларды газды құрылғыларға жақындатпандар;

-жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз.

Құрметті азаматтар! Жоғарыда айтылған ережелерді сақтаған жағдайда, Сіз тұншықтырғыш газбен уланудың құрбаны болмай, өміріңізге қауіп тәуекелін төмендетеді.

Нұрасыл САРТАЙ,
Созақ аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты..

Инватакси қызметін пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары—Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №285 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы №261 бұйрығы бойынша мүгедектігі бар адамдардың инватакси қызметін пайдалану туралы.

Мүгедектігі бар адамдар үшін инватакси қызметін алатын адамдар.

1.Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар және кресло-арбамен қозғалатын екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;

2. 18-жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар

Мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға инватакси қызметін көрсетуге қарсы көрсетілімдер мыналар болып табылады:

1)«Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарлама-сына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші

топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №288 бұйрығына (1-қосымшаға сәйкес жеке көмекшінің қызметтерін ұсынуға медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер;

2)«Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарлама-сына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамсыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер —Министрінің орынбасары —Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №287 бұйрығына 2-қосымшаның 5-тармағына сәйкес протездік-ортопедиялық көмекті, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды және арнаулы жүріп-тұру құралдарын беруге медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер;

3)Екінші және үшінші дәрежелі өзіне-өзі қызмет көрсету және өзінің мінез-құлқын бақылау қабілеті шектелген ау-

ыр және айқын психикалық бұзылулар. Инватакси қызметін алу үшін өтініш беруші инватакси қызметін көрсететін ұйымға мынадай құжаттар ұсынады:

1.Өтініш (еркін нысанда)

2.Жеке басын куәландыратын құжат немесе туу туралы куәлік

3.«Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжатнамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 026/е бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы

4.«Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығына 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама.

Инватакси қызметін алу үшін бір күн бұрын диспетчерлік қызметіне хабарла-сып өтінім беріледі.

Мүгедектігі бар адамдарды инватакси-мен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер көрсету мынадай жағдайлар туындаған күннен бастап тоқтатылады:

1.мүгедектік тобының өзгеруі;

2.тұрақты тіркеу орнын ауыстыру;

3.Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға баруы;

4.мүгедектігі бар адамның қайтыс бо-луы;

Инватакси қызметтерін көрсетуге арналған объектілердің және белгіленген пункттердің тізбесі.

1.Мүгедектігі бар адамның жұмыс ор-ны;

2.Мүгедектігі бар адамның оқу орны;

3.Жергілікті өкілді және атқарушы ор-гандар;

4.Сот, прокуратура;

5.Әлеуметтік инфрақұрылым объ-ектілері;

6.Заң консультациялары;

7.Нотариус;

8.Медициналық мекемелер (жедел, шұғыл) медициналық көмекті көрсету жағдайларды қоспағанда;

9.Әуежайлар, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, теңіз және өзен портта-ры;

10.Арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар.

Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Жемқорлықсыз жарқын болашақ

Жемқорлықпен күрес әрбір саналы азаматтың парызы. Кез келген өркениетті қоғам үшін жемқорлықпен күрес өзекті мәселе болып отыр. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Елбасы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты», «Қазақстан халқына демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетеді. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын таба-дуда.

Сыбайлас жемқорлық заманның ағысымен өсіп келе жатқан, мол қаражат болған жерге тамырын тереңінен жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған қоғамдық дерт. Осындай келеңсіз құбылыстармен күрес жүргізу тек сот және құқық қорғау мемлекеттік органдардың міндеті ғана емес, әрбір ұлтжанды азаматтардың парызы. Мұндай ауыр дертті тек мемлекет және құқық қызметкерлерінің күшімен жеңе алмаймыз. Жемқорлықтың алдын бүкіл халық болып қолға алсақ қана тоқтатауға болады. Сол себептен барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз қызыретінің шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Бүгінде барлық мекемелерде сенім телефондары жұмыс жасайды. Мемлекеттік органдардың қызметшілері халыққа мемлекеттік қызметтерді электронды түрде қолжетімділігі жөнінде кеңінен насихаттауда. Бұл да белгілі бір дәрежеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жолы болып табылады.

Ертеңгі болашағы үшін алаңдайтын әрбір саналы азамат жемқорлықты ауыздықтау ісінде өзінің жеке үлесін қосқаны абзал.

Е.Атенов,

Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маман-заңгері.

Сыбайлас жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қ.АҚБАЕВ,

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Тұмау және жедел респираторлық вирусты жұқпа (ЖРВЖ) жер шарындағы ең кең тараған ауру, әсіресе соңғы жылдарда деңгейі өсуімен сипатталып келеді. Әлсіздік, дене қызуы 39-40 градусқа дейін көтерілуі, де-

дұрыс емделудің салдарынан иммунитет әлсіреп, ағза көптеген микробтар мен бактериялардың алдында қорғаныссыз болып қалады. Одан кейін қабынып, созылмалы ауруға айналады. Тұмау- ең көп таралатын ви-

ру, бұлшық ет ауруы) және тыныс алу жолдардың қабынуымен жүретін вирус-ты жұқпалы ауру. Сонымен қатар салауатты өмір сүру салтын сақтап, дене шынықтыру, суға шомылу, спортпен шұғылдану, таза

Тұмау және ЖРВИ-ның алдын алу

ненің деп-сал күйге түсуі алғашқы белгілері. Естен тану, сандырақтау жиі болады. Көбінесе екі күннен кейін мұрынның бітуі, жөтелген кезде тамақтың қырналып ауруы басталады. Мұндай белгілердің пайда болуына жеңіл қарауға болмайды. Тұмаудың қауіптілігі:

русты инфекциялы ауру. Бірақ көбішілігіміз оған жеңіл қараймыз. Егер дене қызуы түспей, тоқтаусыз жөтеле берсеңіз, дене ылғалдылығы жасыл-сұр түске айналса, бұл тұмаудың ең қабынған түрі пневмония. Тұмау жалпы интоксикация (қалтырау, бас ау-

ауда демалу сияқты қарапайым қағидалар орындалса, адамның жалпы ауруға иммунитеті көтеріледі.. Жоғарыда айтылған іс-шараларды дер кезінде мұқият орындасаңыз ауру сізді айналып өтеді.

Қызылша ауруы және оның алдын алу жолдары

Қызылша – дене қызуының жоғарылауы, жөтел, мұрын бітуі, тамақтың ауыруы және бөртпемен сипатталатын вирустық табиғатты жіті жұқпалы ауру. Қызылшаның симп-томдары:

-алғашқы белгілері: жалпы әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, мұрын бітуі, тамақтың ауыруы, жарықтан қорқу, көздің қызаруы, жас ағу (конъюнктивит), жөтел;- негізгі белгілері: бас-тан бастап, одан кейін де-ненің төменгі бөлігіне және аяққа дейін түсіп таралатын, бүкіл денеге бөртпе шығу; ау-

ыз қуысындағы ақ (ұнтақ жар-маның жиналуы сияқты) және қызыл дақтар. Қызылша пневмония (өкпенің қабынуы), бронхит, энцефалит (ми қабығының қабынуы) сияқты асқынулармен қауіпті, олар медициналық көмекке кеш жүгінгенде және ауыр қосым-ша аурулар болған жағдайда, өлімге әкелуі мүмкін. Қызылшаны емдеудің тиімді және ерекше әдісі жоқ. Қызылша-дан жалғыз тиімді қорғау вак-цинация болып табылады. Қазақстанда қызылшаға қар-сы егу екі рет жүргізіледі: біріншісі 1 жаста және екіншісі

6 жаста. Қызылшаға қарсы вакцинациялау үшін қызылша және паротитті компоненттер-мен біріктірілген (ҚҚП) қауіп-сіз және тиімді вакцина қолданылады. Халыққа арналған ұсыныстар:- ата-ана-ларға өз баласының қызыл-шаға қарсы егу мәртебесін тексеру, вакцинация болмаған жағдайда, қызылшаға қарсы профилактикалық егуді алу.

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық СЗБ басқармасының басшысы.

Табиғатты аялайық!

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе түз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. Қазақстанда қолданылуы мен жойылуы. Қазірге дейін жұрт сексеуілдерді отқа та-

мызық ретінде пайдаланатын. Нарықтық қатынастың алғашқы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекендерде тұратындарға ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде қолдана бастады. Бұрын ауыл іргесінде өсетін сексеуілдерді қазір елу, алпыс шақырым қашықтықтардан ғана көре аламыз. Сондықтан да табиғат ананың сыйын қадірлей білейік.

Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезеде отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанармаймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тиым салынады.

Жомарт АТАБАЕВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Арқабай қарияның балалық шағы Ұлы Отан соғысынан кейінгі ауылды, қаланы қайта қалпына келтіру жылдарымен тұспа тұс келді. Мектеп, үністетті бітірген соң кеңестік партия қызметі де осы Созақ ауданында жалғасты. Тоқсаныншы жылдардың ортасында зейнет демалысына шықты. Құдайдың берген перзенті-жалғыз қызы. Алматы жаққа, сол облыстың бір ауданына тұрмысқа шыққан. Не керек әке-шешесін көшіріп әкетті. Арқабай бүгінгідей емес, ол кезде тың болатын.

Арқабай қарттың «Әзір жерге қарап, жүре алмай отырған жоқпыз. Осында тұра берейік. Туа бітті туған жерім. Кейін көреміз»-деген сөзін жаны ашыған жалғыз қызы тыңдамады.

-Анамның болса да сізге қарауға шамасы жоқ. Сол жаққа барған соң жеке үй тауып беремін. Жеке күтушілеріңіз де болады,-деп тас



болса керек, бес-алты адам қараңдап жүр. Ауыл ішінен спорт кешені, кітапхана, балалар ойын алаңдары, «Тәуелсіздік», «Абай», «Теріскей» саябақтары ел игілігіне жұмыс жасауда екен.

Баяғы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектептің жаңа ғимаратына да Арқабай қарт кіріп, ерінбей көріп, аралап шықты. Бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген балалар қандай бақытты десеңізші.

-Біз екі-үш жас айырмашылығы бар замандастар бір класта оқыдық. Бөлме аз. Екі сынып бірге оқимыз. Пешке от жағылады. От жағушы апай ара-арасында келіп пешке көмір салып кетеді. Кітап жетіспейді. Үйге бір күн сен, бір күн ол алып кетіп оқиды. Класта екі бала басымыз түйісіп бір кітапты бірге оқимыз. Кейде дәптер болмай қалса бір беті жазылған контордың қағазына, газеттің шетіне жазып жинап, жүріп,

Жасарған ауыл, жаңарған аудан

түйін бекініп келіпті. Арқабай қария бүгінде 85 жаста. Бір-екі жыл болды кәмірі де о дүниелік болған. Соңғы уақытта жатса да тұрса да Созағын, Шолаққорғанын, бірге жүрген замандастарын ойлай береді. Болмаған соң қызымен ақылдасты.

-Әке, немереңіз Асқардың қолы бос. Демалысқа кеше ғана шықты. Көлік бар. Барып қайтыңыздар. Мынау қонақ үйге, көліктің майына, жолай шай, тамақ ішесіздер!- деп жол қаржысын ұсынды.

-Қызым, өз ақшам өзіме жетеді. Рахмет!,- деді Арқабай қарт қуанышын жасыра алмай. Таңертең ертемен қарт жолаушы жиен немересімен жолға шықты. Арқабай қарияның жол үстінде келе жатып көз алдынан сол жылдардың көріністері көлбеңдеп өте берді.

Алты-жеті ай зейнетақы берілмеген, айлық жылға жуық жоқ. Орнына тоқты- торым, ұн, қант, шай. Айырбас. Совхоздардың малы түгесілген. Шопандар бір-бірілеп қолына таяқ ұстап шығып жатыр. Совхоздың ғаражындағы техникалар қалай қосалқы бөлшектен тоқтайды. Ертеңіне солай темір-терсекке өтіп, Қытай, Ресей асып жатты. Малды түріктер ұзын машинаға тиеп, ұшаққа артып шетелге әкетіп жатты. Дүние жүзіндегі ең арзан мал Созақта болды. Байғұс елдің қазынасы су сабынға, сасық араққа, арзан құмшекерге айырбасталып жатты. Жүні мен терісі өтпейді. Зауыттар тоқтаған, үдере көшкен ел, қаңыраған үйлер, сатылу бағасы су тегін. Тіпті үйін сол күйінде тастап көшіп кеткендер де көп. Совхоздың құдықтары, қоралары бос қалды. Бұзылды, тоналды, көмілді.

Арқабай қарияның кеуде тұсы шым ете қалды. Одан бері отыз жылға жуықтапты.

Қас қарай Құмкенттен асқанда Шолаққорғанның жарығы көрінді. Жақындаған сайын жарық шамдар молайып, бейне бір қалаға кіріп келе жатқандай болды. Қызыл, жасылды самала шамдар, жолдың қос қапталы аяқ жолдар, теп-тегіс асфальт, бой түзеген ғимараттар, жастар үйі, Сұлтанбек музейі, хандар паркі, бағдаршамдар, көшедегі көп халық, қыдырып жүрген жастар, ағылған көлік, дүкендер мен дәмха-

налар, Арқабай қарт бейне бір басқа қалаға келгендей таңырқап қарай берді. Арқабай қария жол бойы жолсоқты болып шаршағанын ұмытып немересіне: -Асқаржан, мен туып, өскен ауыл осы, ауылдың ішін бір аралап шығайық,- деді. Шаршағанын ұмытып кетті. Осы сәтте Арқабай қарияға ауыл ішін таныстыратын бір кісі болғанда ғой. Қалаша айтқанда гид керек еді. Шолаққорған ауылына кіріп келе жатқанда жолдың оң қапталынан қонақ үй көрген еді. Соған барып демалып, таңертең әулиелерді зиярат етіп, ауылдарды аралап көруді ұйғарды. Қонақ үйге кіргенде қонақ үй иесі ғой деймін. Бір бойшаң сары жігіт қызметкерлеріне тапсырмалар беріп, шығуға бет алып тұр екен. Қарияны көріп амандасып, жағдай сұрасып, мән-жайға қаныққан соң: -Ата, сіздер үйге жүріңіздер, үйде анам бар, келініңіз бар. Бүгін сізді күтейік. Ертеңгісін сосын көреміз, деп қоярда қоймай үйіне алып кетті. Міне, Созақ деп осындай мінезден айтылса керек. Әлгі жігіттің есімін де сұрамаған екен. Ертеңіне күндіз Шолаққорғанның жаңарған, жасарған, келісті келбетіне қараумен, таңырқаумен болды. Аудан қалай өзгеріп кеткен. Арқабай ауылдан кеткенде Ө.Есіркепов, Ж.Қарғабаев көшелері, Н.Төреқұлов мектебі, оның алдындағы паркі, музей, жастар үйі деген жоқ еді. Аудан әкімінің, ауыл әкімдерінің ерен еңбегі, ащы тері, қажыр-қайраты, білімі мен іскерлігі ауданның бүгінгі кескін, келбеті, айқын ажары, жарқын болашағынан көрініп тұр. Кешегі Тәуелсіздіктің алғашқы бес жылдығы ішінде Шолаққорған 20-30 жылда басқаша дамып, өркендеп өседі дегенге ешкім сенбес еді ғой. Арқабай қария Созақ ауылын, аралап Қарабура әулиеге, Жартытөбе ауылдарын аралап Ысқақ бапқа, Құмкент ауылын аралап Баба Түкті Шашты Әзіз әулиеге зиярат етті. Әулие кесенелері де жаңғырып жаңартылыпты. Бұл барған ауылдардың әкімдері деп жап-жас, білікті, білімді жастар екенін көрді. Жартытөбе ауылындағы Арбат алаңын, Созақ ауылындағы Домбыра алаңын, Құмкент ауылындағы қарттар орталығын көріп Арқабай қарияның кеудесін қуаныш кернеді.

-Алматы облысындағы біз тұратын

ауданның бір-екі қариясын ала келіп, сырлы Созақтың бүгінгі кескін келбетін көрсеткенде ғой,- деп күбірлеп, өзіне өзі сөйлеп қояды.

Кешегі ең артта қалған аудандардың бірі болған Созақтың бүгінгі күні «Әркімге туған жері Мысыр сарайы» дегендей «Менің туған жерім осы!» деп көрсеткенде ұялмайтын ауданға, алдыңғы орындағы үздік ауданға айналғанына шексіз қуанышты еді.

Бүгінде Арқабай қарияның көз көрген замандас қатарластарынан ешкім жоқ. Бір-екі кісілер бар екен. Олар Шымқалада, Алматыда тұрады екен. Олармен бұл жолы тоқай-

дәптер табылғанда соған күні бойы көшіріп шығамыз,-деп еске алды Арқабай қарт.

Ұялы телефон дегенге құмарлығы жоқ қария немересіне: -Асқаржан, әлгі соткіңе түсіріп алшы, барған соң сұрағандарға көрсетеміз,-деп қайта-қайта ескертумен болды.

Құдай біледі, барған соң сырлы Созағының бүгінгі келбетіне мақтанбақшы ғой.

Арқабай қария Созақ елінде екі-үш күн болып, төртінші күні қайыра, қайтуға жолға шықты. Жартытөбенің қырына жеткен соң немересі Асқарға:



ласа алмады. Баяғы Шолаққорған ауылы мен Жеткеншек елді мекенінің арасында «Шапағат» қайырымдылық қоры мен жеке шаруалар көкеңіс егетін, кейін бос қалған жер болатын. Ол аумаққа түгелімен тұрғын үйлер салыныпты, жаңа мектеп ғимараты, қызметтік үйлер қаз-қатар тізіле бой көтеріп ауыл сәнін келтіріп тұр. Аудандағы ең өзекті мәселе тұрғын жайы болатын бұрыннан.

Шолаққорған ауылынан Ащысай бағытындағы жолдың екі қапталында жасыл желектер жайқалып тұр. Жас талдарды күтіп баптаушылар

-Балам аз ғана кідіре тұр!-деп көліктен түсіп, ақырындап қырдың үстіне көтеріліп Созағына, Шолаққорғанына ұзақ қарады. Енді жолым түсер, түспес, жайнап, жасарып гүлдене бер Созағым! Сен не көрмеген, нені басыңнан өткермеген Созақсың, атыңнан айналайын Шолаққорған, Созаққа Теріскейге болған қорған!-деп ішінен сан қайталады да көлікке отырды. Бұл сәтте Арқабай ақсақалдың сапарына сәттілік тілегендей Одаман асуы ақ жауынын төге берді!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3150 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев